

# Мұз сарайы бой көтереді

**Куаныш Қабдуалиев, сәулет және қала құрылысы бөлімі бастығы:**

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ», - демекші, өткен Жылқы жылында қаламызда көптеген игілікті істер атқарылды. Біздің бөлімнің негізгі міндеті – салынып жатқан, қайта жарақталып жатқан құрылыстарды бақылауда ұстау. Сондай-ақ алдағы уақытта қолға алынатын құрылыс нысандарын қадағалау да – Сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзырында.

Өтіп бара жатқан жылда аяқталмаған құрылыстар саны есепке алынып, ғимарат иелерімен тығыз байланыс орнаттық.

2014 жылдың 29 желтоқсанына дейінгі жағдайға келсек, Екібастұз қаласында 36 аяқталмаған және пайдаланудан шыққан 36 құрылыс нысаны тіркелді. Соның ішінде 11 нысанда ғимарат иесінің қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты құрылыс жұмысы уақытша тоқтатылды.

Қазіргі таңда 7 аяқталмаған құрылыс нысанында реконструкциялау жұмыстары басталды. Оларға нақты тоқталатын болсақ: «Отарқа» автотұрағы маңайындағы Мәшһүр Жүсіп көшесіндегі «Евразия банкі» кеңсесі /Евразия банкі/ АҚ/, Мәшһүр Жүсіп көшесі, №68 үйге жапсарлас мейрамхана /иесі – К.Кәкімжанов/, Желтоқсан көшесі бойындағы қонақүй кешені /иесі – «КазСнабКомирПВ» ЖШС-і, иесі – С.Худяков/, Энергетиктер көшесіндегі дүкен /иесі – Р.Көппаева/, Қосым Пішенбаев көшесіндегі бұрынғы «Железнодорожник» мәдениет үйі, «Ангел» бос уақытты қамту орталығы /иесі – З.Гринченко/.

2013-2014 жылдары аяқталмаған және қаңырап қалған 36 нысанның 21-і пайдалануға берілді.


Олар атап өтсек: Мәшһүр Жүсіп

көше-сі 58/1 үйдегі медициналық орталық, Мұхтар Әуезов көшесіндегі «Ангел» бос уақытты қамту орталығының артындағы кеңсе /иесі – Т.Бацаев/, Абай көшесі 72-үйдің маңайындағы сауда үйі /иесі – Н.Масығұтов/, Мәшһүр Жүсіп көшесі 58/1 үйдің маңайындағы «Береке» магазині, Энергетиктер көшесі 101-үйге жапсарлас мейрамхана/ұлттық нақышта/.

Ломоносов көшесі, 13, Қонаев көшесі, 134-үйлер қайта жарақталып, тұрғын үйге лайықталды. Мәшһүр Жүсіп көшесі 90 «А» ғимараты қайта жарақтаудан өткізілді. Сонымен бірге бұрын қаңырап қалған Энергетиктер көшесі, 40, Королев көшесі, 74, Энергетиктер көшесі, 60, Энергетиктер көшесі, 64, Энергетиктер көшесі, 74, Мұхтар Әуезов көшесі, 91 «Б», Энергетиктер көшесі, 54, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 153, Абай көшесі, 160 «Б», Мұхтар Әуезов көшесі, 128, Королев көшесі, 78-үйлердің ғимараты жөндеуден өткізіліп, тұрғындарға тапсырылуы да өткен жылдардың өншісінде.

Алдағы 2015 жылға келсек, Солнечный қалашығындағы бес қабатты Новоселов көшесі, 43-үйдің және Интернациональная көшесіндегі 11-үйдің және аяқталмаған бұрынғы жатақхананың ғимараттары қайта жөндеуден өткізіледі.

Павлодар облысы әкімінің тапсырмасына сәйкес Екібастұз қаласы аумағында құрылыс жұмыстарын кешенді дамыту жоспары әзірленді. Алдағы жылы арнайы құрылған жұмыс тобы құрылыс салуға лайықты



жер телімдерін анықтайды. Жаңа құрылысты қамтамасыз ету үшін инженерлік коммуникация жағдайы зерттеледі.

Қазіргі уақытта Сәулет және қала құрылысы бөлімі Мұз қалашығы ғимараты құрылысының концепциясын әзірлеу үстінде. «Шахтер» мәдени және демалыс саябағында жаңа субұрқаттың дизайнын жасау аяқталды. Бұл халықаралық заманауи стандарттарға жауап беретін технологиялық жобалардың бірі болмақ.

Қазіргі уақытта ауылдық округтерде: Қарасор /Құдайкөл ауылдық округінде/, Бозшакөл /Төртқұдық ауылдық округінде/, Құдайкөл /Құдайкөл ауылдық округінде/, Мыңтоғай /Екібастұз ауылдық округінде/, Жақсат /Ақкөл ауылдық округінде/ құрылысқа қажетті дамыту жобасын әзірлеу жұмыстары аяқталды. Соңғы уақытта Қоянды мен Теміртас ауылдарында жеке үй салуға құлшыныс білдірушілердің қатары, сонымен бірге тұрмыстық үй нысандарына сұраныс артып келе жатқандықтан ауылдық аймақтарды дамыту жобасын қайта қарау қажеттігі туындады.

